

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 144 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кездегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Мыналар:

а) осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы

және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің құрылымдары тізіліміне орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық комиссияның құзыретінде Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту бойынша жұмыстарды үйлестіру кіретін департаменті жүзеге асырады;

б) осы Шешіммен бекітілген Тәртіптің 6 – 9 тармақтарына сәйкес қосылу рәсімдерін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 1 жылды құрайды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 90 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 1 қарашадағы
№ 144 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кездегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына енетін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылатын шекаралық, кедендік, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық, карантиндік-фитосанитариялық және көліктік бақылауды ұйымдастыру үшін қажетті жабдыққа және ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды материалдық-техникалық жарақтандыруға қойылатын бірыңғай типтік талаптар, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерін сыныптау және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункті Паспортының нысаны туралы" 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің ақпараттық-анықтамалық тізбесі туралы" 2012 жылғы 28 маусымдағы № 96 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестердің сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен талаптарын анықтау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және жетілдіру кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқоры" – қалыптастыруды және жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы жүзеге асыратын Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқоры;

"жалпы процесс ақпараттық объектісінің ахуалы" – ақпараттық объект оның өмірлік циклінің белгілі бір сатысында сипаттайтын және жалпы процес операцияларын орындау кезінде өзгертін қасиет.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процестің рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процестің қатысушысы" ұғымдары Еуразиялық

экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразия экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесімен белгіленген мағыналарда қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгісі: P.CC.02, нұсқасы 1.0.0.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеті

7. Жалпы процестің мақсаттары Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жалпы процестің қатысушыларына Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан (бұдан әрі тиісінше – өткізу пункттері, өткізу пункттері паспорттарының дерекқоры) мәліметтер ұсыну.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарынан өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру мақсатында өткізу пункті паспортының мәліметтерін, өткізу пунктінің паспорты мәліметтерінің өзгерістерін алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияға келіп түскен ақпараттың негізінде өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын автоматты қалыптастыруды қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ақпараттық жүйелерінің сұрау салуы бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы ұсынуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процестің қатысушылары

9. Жалпы процесс қатысушыларының тізбесі 1-кестеде берілген.

1-кесте

Жалпы процесс қатысушыларының тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы

1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыруға, жүргізуге және пайдалануға жауапты құрылымдық бөлімшесі
P.CC.02.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорын жүргізуге және өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру үшін оның мәліметтерін Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді пайдалануға уәкілетті атқарушы билік органы

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің тағайындалуы бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын ұсынады:

а) өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

б) өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, сондай-ақ өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну жүзеге асырылады.

Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру кезінде өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтерді енгізу және алып тастау, сондай-ақ өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту рәсімдері орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқоры мәліметтерін ұсыну кезінде жалпы процестің өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобына енгізілген мынадай рәсімдері орындалады:

өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;

өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтер алу;

өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу.

12. Жалпы процесс құрылымының берілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Өз тағайындаулары бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі, операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланысты және олардың орындалу тәртібін таныстыратын жалпы схема беріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдаланып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

4. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Өткізу пункттерінің паспорттары деректерін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгертулер (енгізу, алып тастау) туралы ақпаратты алған кезде басталады.

Өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорын жүргізу кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органында осы мемлекеттің заңнамасы талаптарына сәйкес өткізу пункттерінің бірегей кодтарын пайдалану қамтамасыз етіледі.

Өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорына мәліметтерді енгізу кезінде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімі орындалады.

Өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорында өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу кезінде өтініш берілген мәліметтерді өзгерту кезінде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімі орындалады.

Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау кезінде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 144 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кездегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 15 қарашадағы № 144 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы шекарасы арқылы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары) сәйкес келуі тиіс.

16. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері топтарының берілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері топтарының жалпы схемасы

17. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енетін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енетін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.PRC.001	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу	рәсім өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.02.PRC.002	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту	рәсім өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған
P.CC.02.PRC.003	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау	рәсім өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау үшін қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобы

18. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түскен сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу;

өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді ұсынуға сұрау салу;

өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу.

Өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтерді Комиссияда сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтермен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.004) рәсімі орындалады.

Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияда сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтер тарихи деректерді ескере отырып толық көлемде не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді ұсынуға сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процестің жаңа қатысушысын енгізу, ақадан кейін ақпаратты қайта қалпына келтіру кезінде толық көлемде пайдаланылады. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтер алу" (P.CC.02.PRC.005) рәсімі орындалады.

Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты сұрату кезінде өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген сәттен бастап осы сұрау салуды орындау сәтіне дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының берілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.PRC.004	өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтерді Комиссияда сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтермен синхрондау қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
		рәсім өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында

P.CC.02.PRC.005	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтер алу	қамтылған мәліметтерді алуға арналған
P.CC.02.PRC.006	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтерді Комиссияда сақталатын өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтермен синхрондауға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Жалпы процестің қатысушылары арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 4-кестеде берілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.BEN.001	өткізу пункттері паспорттарының дерекқоры	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілген мәліметтер
P.CC.02.BEN.002	өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жай-күйі туралы ақпарат	өткізу пункттері паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат
P.CC.02.BEN.003	өткізу пункттері паспорттарының мәліметтері	мүше мемлекеттің уәкілетті органының өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру үшін Комиссияға ұсынатын өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорының мәліметтері

VI. Жалпы процесс қатысушыларының жауапкершілігі

22. Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін мәліметтерді уақытылы және толық тапсыруды қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың

құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдері атауларының тізбесін және оларға тиісті кодтарды қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.009	өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссияның № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.061	өткізу пункттерінің халықаралық қатынас түрі бойынша сыныптауышы	сыныптауыш	өткізу пункттері түрлерінің халықаралық қатынас түрі бойынша кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.062	өткізу пункттерінің халықаралық қатынас сипаты бойынша сыныптауышы	сыныптауыш	өткізу пункттері түрлерінің халықаралық қатынас сипаты бойынша кодтары мен атауларының реттік тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688


			шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.063	өткізу пункттерінің қызмет ету тәртібі бойынша сыныптауышы	сыныптауыш	өткізу пункттері түрлерінің қызмет ету тәртібі бойынша кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.102	өткізу пункттерінің мәртебесі бойынша сыныптауышы	сыныптауыш	өткізу пункттерінің мәртебесі бойынша кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 маусымдағы № 688 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.104	ұйымдардың жұмыс уақыты түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдардың жұмыс уақыты түрлерінің кодтарымен атауларының тізбесін қамтиды
P.CC.02.CLS.001	өткізу пунктіндегі мемлекеттік бақылау түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	өткізу пунктіндегі мемлекеттік бақылау түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CC.02.CLS.002	өткізу пунктіндегі арнайы үй-жайлардың (құрылыстардың) анықтамалығы	анықтамалық	өткізу пунктіндегі арнайы үй-жайлардың (құрылыстардың) кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CC.02.CLS.003	қамтамасыз ету жүйелері түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	өткізу пунктіндегі қамтамасыз ету жүйелері түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CC.02.CLS.004	өткізу пункті арқылы өткізілетін объектілердің анықтамалығы	анықтамалық	өткізілетін объектілердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CC.02.CLS.005	өткізу пунктіндегі мемлекеттік бақылау жүйелері мен техникалық құралдары түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	өткізу пунктіндегі мемлекеттік бақылау жүйелері мен техникалық құралдары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процестің рәсімдері

1. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорын қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімі

24. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорына мәліметтер қосқан кезде орындалады.

26. Ең алдымен "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалуы нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілетін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

27. Комиссия өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілетін мәліметтерді алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына тиісті

мәліметтер енгізіледі және мүше мемлекеттің уәкілетті органына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарлама алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу нәтижелері туралы хабарлама алу" (P.CC.02.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижесі өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу болып табылады.

30. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде берілген.

6-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу" (P.CC.02.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.OPR.001	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде берілген
P.CC.02.OPR.002	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде берілген
P.CC.02.OPR.003	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде берілген

7-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.001) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.001
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді ұсыну

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау талаптары	өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорына мәліметтер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілетін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды

8-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.002) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.002
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау талаптары	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің)

		деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілетін мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, мәліметтерді өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізеді, өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	мәліметтер өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізілді, өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтерді енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

9-кесте


"Өткізу пункттерін паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.02.OPR.003) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.003
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау талаптары	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтер енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламалардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар

		мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына мәліметтерді енгізу туралы хабарлама өңделді

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімі

31. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

32. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімі өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорына өзгерістер енгізген кезде орындалады.

33. Алдымен "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу

нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

34. Комиссия өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында мәліметтерді өзгерту жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

35. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарлама алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.02.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

36. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімінің орындалу нәтижесі өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу болып табылады.

37. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде берілген.

10-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.02.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.OPR.004	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 11-кестесінде берілген
P.CC.02.OPR.005	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 12-кестесінде берілген
P.CC.02.OPR.006	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 13-кестесінде берілген

11-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.004) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.004
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау талаптары	өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорына өзгерістер енгізу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды

12-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.005) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.005
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
		орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына

4	Орындау талаптары	өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.CC.02.OPR.004) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, өткізу пункттері паспорттарына дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында мәліметтер өзгертілді, өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

13-кесте


"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу" (P.CC.02.OPR.006) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.006
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы

4	Орындау талаптары	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламалардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорына өзгерістер енгізу туралы хабарлама өңделді

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімі

38. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

39. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімі өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады.

40. Алдымен "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

41. Комиссия өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау жүзеге асырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама жіберіледі.

42. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алған кезде "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу" (P.CC.02.OPR.009) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

43. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау болып табылады.

44. "Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 14-кестеде берілген.

14-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау" (P.CC.02.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодтық белгісі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.CC.02.OPR.007	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 15-кестесінде берілген

P.CC.02.OPR.008	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 16-кестесінде берілген
P.CC.02.OPR.009	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 17-кестесінде берілген

15-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.CC.02.OPR.007) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.007
2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау талаптары	өткізу пункттері паспорттарының ұлттық дерекқорынан мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға ұсынылды

16-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.008) операциясының сипаттамасы

№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.CC.02.OPR.008

2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау талаптары	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.СC.02. OPR.007) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады, өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан өткізу пункті паспорттарының мәліметтерін алып тастау туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтер алып тасталды, өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

17-кесте

"Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу" (P.СC.02. OPR.009) операциясының сипаттамасы


№ р/с	Элементтің белгісі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгісі	P.СC.02. OPR.009

2	Операция атауы	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау талаптары	орындаушы өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.02.OPR.008) операциясы)
5	Шектеулер	хабарламалардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	өткізу пункттері паспорттарының дерекқорынан мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама өңделді

2. Өткізу пункттері паспорттарының дерекқорында қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері

"Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.004) рәсімі

45. "Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы

46. "Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.CC.02.PRC.004) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты Комиссияда сақталатын өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының тиісті ақпаратымен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады.

47. Алдымен "Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрату" (P.CC.02.OPR.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

48. Комиссия өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды алған кезде "Өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.02.OPR.011) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша өткізу пункттерінің паспорттары дерекқорының жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылады.

